

Сонымен, газды кептіру - гидрат түзілудің алдын алады, құбырдың гидравликалық соққысын төмендетеді және оның өткізгіштік қабілеті жоғары дәрежеде сақталады, коррозия процесін баяулатады және құбырлар мен аппараттардың жұмыс істеу мерзімін ұзартады.

Газдар және сығылған көмірсутектер үшін өндірісте кептірудің мынадай тәсілдері кеңінен қолданылады:

- газды және су тұнбасын суыту;
- сұйық жұтқыштар - гликольдермен (моно-, ди-, триэтиленгликольмен );
- қатты жұтқыштармен (активтелген алюминий окисімен, силикагелмен, бокситпен) және синтетикалық цеолиттермен (молекулярлы сита), бейорганикалық тұздармен және т.б.